

**Жаңабазар ауылы округі әкімінің 2013 жылғы 22 қазандағы № 44 "Жаңабазар ауылы округі, Жаңабазар елді мекенінің Ә.Ақбаев, К.Исаев көшелері және Үлгілі, Жаңаталап елді мекендерінің аумағына шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 10 қарашадағы № 83 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 қарашада № 2888 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауылы округі әкімінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 102 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауылы округі әкімінің 11.12.2014 № 102 шешімімен.**

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 қаңтардағы Заңына сәйкес, Жаңабазар ауылы округі әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Жаңабазар ауылы округі әкімінің 2013 жылғы 22 қазанындағы № 44 «Жаңабазар ауылы округі, Жаңабазар елді мекені Ә.Ақбаев, К.Исаев көшелері және Үлгілі, Жаңаталап елді мекендерінің аумағына шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2407 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 12 қарашадағы «Қазығұрт тынысы» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жаңабазар ауылы округі, Жаңабазар елді мекенінің Ә.Ақбаев, К.Исаев көшелері және Үлгілі, Жаңаталап елді мекенінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы» ;

1 тармағындағы «шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим» деген сөздер «шектеу іс-шаралары» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңабазар ауыл округі әкімінің орынбасары А.Ақжоловқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл округінің әкімі*

*А. Ташкулов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК